

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2351

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

1. Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату кодексін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2. 1995 жылғы 1 қарашаға дейін мыналар әзірленіп, бекітілсін:

мұнай және газ орындарын игерудің Бірыңғай ережелері;

мұнай операцияларын жүргізуге лицензия беру тәртібі;

мұнай операцияларын жүргізуге контрактілер жасау тәртібі;

мұнай операцияларын міндетті түрде сақтандыру тәртібі мен шарттары;

теңізде, ішкі су тоғандарында, төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғат және мәдениет объектілерінде мұнай операцияларын жүргізу тәртібі;

мұнай операцияларын жүргізу кезінде жасанды аралдар, бөгеттер, ғимараттар мен қондырғылар құрастыруға, оларды пайдалану мен іске асыруға рұқсат беру тәртібі мен шарттары туралы ереже;

мұнай операцияларына байланысты су асты құбырлары мен кабельдер

орнату, тарту мен пайдалану кезінде қауіпсіздік және айналадағы ортаны қорғау ережелері;

мұнай операцияларына байланысты теңізде ғылыми зерттеулер жүргізу тәртібі.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері "Мұнай туралы" Заң күші бар Жарлыққа сәйкес келтірілсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары осы Жарлыққа қайшы келетін өздерінің нормативтік актілерінің 1995 жылғы 1 желтоқсанға дейін қайта қаралуы мен күші жойылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК